

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқубағдарламасы
негізінде

2022 – 2023 оқужылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ/сынып: «Ақ бота» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----------|---------------------------|---|
| ЖЕЛТОҚСАН | Денешынықтыру | <p>Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 см, ауданы 50 x 50 см модульге өрмелеу.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Қимылды ойындар Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би және т.б.) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей,</p> |

| | |
|-----------------|---|
| | <p>үстел басында дұрыс отыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.</p> |
| Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Фонетикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p> <p>Сөздік қор: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу іс-әрекеті Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы</p> |

| | |
|----------------|--|
| | <p>ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Шығармаларды қабылдау Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануға ықпал ету.</p> |
| Көркем әдебиет | <p>Оқу, әңгімелеу Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p>Мәнерлеп оқу Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p> <p>Мазмұндау Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p>Театр дағдыларын дамыту Түрлі мәтіндерді оқығанда дұрыс тыныс алу</p> <p>Моральдық нормалар түсінігі Ересектермен және құрдастармен қарым - қатынас</p> |
| Сенсорика | <p>Көп Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p> <p>Саны , есебі Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Шамасы Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Геометриялық пішіндер Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау Дене бөліктерінің орналасуын шарлау мүмкіндігін</p> |

| | |
|----------------------------|---|
| | <p>үйрету</p> <p>Уақыт бойынша бағдарлау</p> <p>Тәулік бөліктерін атау, тану дағдыларын қалыптастыру: таң, күн, кеш, түн .</p> |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары</p> <p>Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар және т.б.) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау және т.б.) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</p> <p>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі</p> <p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Бала , оның отбасы ,үйі</p> <p>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p>Заттар әлемі</p> <p>Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану</p> <p>Жол ережелері</p> <p>Әртүрлі көлік түрлері, көлік бөліктері (жаяу жүргіншілер, жер асты өткелдері) бағдарламалар, көшеде өзін-өзі ұстау ережелері, өткелдер туралы білімдерін қалыптастыру</p> |
| Құрастыру | Конструктор бөлшектерінен құрастыру |

| | |
|------------|--|
| | <p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.</p> |
| Сурет салу | <p>Заттық сурет салу Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p> |
| Мүсіндеу | <p>Заттық мүсіндеу Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.</p> |
| Жапсыру | <p>Заттық жапсыру Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу (баяу және көңілді әндер). Шырқау Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ритмикалық қимылдыр Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Билер Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; Ойындар, әндер Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау Балаларға арналған музыкалық аспаптармен</p> |

| | |
|--|---|
| | <p>ойнау Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p> |
|--|---|